

**Оқиға сигналдары мен дабылдарды ЖБО-ға, сондай-ақ Маңғыстау облысы қалалық,
аудандық полиция бөлімдерінің кезекші бөлімшелеріне беруді ұйымдастыру туралы
№ 107/26 Келісім шарт**

Ақтау қаласы

05.01.2026 жыл

ТОО «Гүлдер-Ақтау», БСН 220540021611, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Жарғы негізінде әрекет ететін директоры Овезова М.Е., бір тараптан және

ЖК «ОНАЙБАЙ», ЖСН 600905402315, бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын, 03.11.2022 жылғы № KZ06TWQ02416984 санды Талон негізінде әрекет ететін басшысы Онайбаева З.Ч., екінші тараптан,

бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, осы Келісім шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

- 1.1. Орындаушы осы Шарттың талаптарына сәйкес «GeoRitm» нысанды қорғау жүйесі құрылғысын (әрі қарай – Дабыл тетігі) орнату арқылы Тапсырыс берушінің **Ақтау қаласы, 19-шағынаудан, 40/1-үй мекен жайы бойынша орналасқан «Gulder»** жекеменшік балабақшасынан Оқиғалар мен дабыл сигналын тікелей Маңғыстау облысы ЖБО-ға, сондай-ақ тиісті аудандық полиция бөлімінің кезекші бөлімшесіне беруді ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген қызметтерді қабылдауға және Шарт бойынша Орындаушының тиісінше көрсеткен қызметі үшін ақы төлеуге міндеттенеді.
- 1.2. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Оқиғалар мен дабыл сигналы тікелей Маңғыстау облысы ЖБО-ға, сондай-ақ тиісті аудандық полиция бөлімінің кезекші бөлімшесіне беруді ұйымдастыру келесідей техникалық сипаттарды қамтиды:
 - нысанмен байланысты бақылау;
 - таратушы құрылғының ақаулығы мен апаттылық жағдайын бақылау;
 - дабылдың тиесілігі мен сипаты көрсетілген дабылдарды қабылдау;
 - оқиғалардың күні мен уақытын белгілеу;
 - түскен оқиғалар мұрағатын сақтау.
- 1.3. Координаталары бұдан әрі мониторингтік картада позицияланатын барлық объектілермен бірлесіп көрсету үшін объектіден (жабдыктан) сигналдарды беруді және қабылдауды үлгілік түрде қамтамасыз ету.

2. Тараптардың міндеттемелері мен құқықтары

2.1. Тапсырыс беруші:

- 2.1.1. полиция жасағын шақыртқанын жазбаша растауға және себебін түсіндіруге;
- 2.1.2. қызметтерді көрсету үшін Орындаушының мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 2.1.3. қызметті қабылдау кезінде көрсетілген қызметтер актісін қабылдауға немесе оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бас тартуға;
- 2.1.4. көрсетілген қызметтер актісін қабылдағаннан кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Орындаушы жазып берген шот-фактураны бекіткеннен кейін қабылдауға;
- 2.1.5. осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге;
- 2.1.6. өз қаражат есебінен құрылғыны үздіксіз қуат беру көзімен (12В 7Ah аккумуляторымен) қамтамасыз ету;
- 2.1.7. осы Шарттың қолданылу мерзімі аясында Дабыл тетігінің сақталуын қамтамасыз етуге, ал Дабыл тетігі зақымдаған жағдайда оның құнын төлеуге міндетті.

2.2. Тапсырыс беруші:

- 2.2.1. көрсетілген Қызметтердің сапасын тексеруге;

2.2.2. қызмет мерзімінен бұрын көрсетілген жағдайда Тапсырыс беруші қызметті мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы.

2.3. Орындаушы мыналарға:

2.3.1. Шарттың қолданылу мерзімі аясына Дабыл тетігін жалға беруге;

2.3.2. Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2.3.3. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шартта көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге;

2.3.4. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Орындаушы тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға;

2.3.5. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және акпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

2.3.6. Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы акпарат ұсынуға;

2.3.7. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың акпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың акпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

2.4. Орындаушы:

2.4.1. Тапсырыс берушіден Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге төлем талап етуге;

3. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

3.1. Шарттың айсайынғы сомасы **10 000 (он мың)** теңгені құрайды және қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС-ны да қамтиды.

3.2. Қызмет көрсету тариф соммасы өзгерген жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіні өзгеру датасынан 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлауға міндеттенеді.

3.3. Көрсетілген қызмет үшін айсайынғы төлем, Орындаушы айсайынғы орындалған жұмыстар актісін ұсынғаннан кейін Тапсырыс берушімен 5 (бес) жұмыс күн ішінде жүргізіледі.

3.4. Көрсетілген қызмет үшін айсайынғы төлем 2 (екі) айдан астам уақыт кешіктірілген жағдайда, әрбір кешіктірілген күн үшін төленетін айсайынғы ақының 1% мөлшерінде өсімақы жүргізіледі.

3.5. Тапсырыс берушінің Орындаушы алдындағы көрсетілген қызмет үшін берешегі 2 (екі) айдан асқан жағдайда, Орындаушы біржақты дабыл қондырғысын өшіріп, осы Шартты бұзуға және өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сот органдарына жүгінуге құқылы.

3.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

4. Шарт мерзімі және басқа да талаптар

4.1. Осы Шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және **31.12.2026 жылға дейін жарамды.**

4.2. Егер де тараптар, осы Шартты жазбаша бұзуға ниет білдірмесе, онда Шарт әрбір келесі күнтізбелік жылдарға **автоматты түрде ұзартылды** деп есептелінеді.

4.3. Осы Шартты бұзуға ниет білдірген тарап, екінші тарапты осы Шартты бұзу күнінен кемінде 30 (отыз) күн бұрын алдын-ала жазбаша хабардар етуге міндетті.

4.4. Осы шартта көзделмеген жағдайларда тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

4.5. Осы Шарттың мәтініне енгізілген барлық түзетулер, әрбір жеке түзетуді тараптардың өкілдері өзара куәландырғаннан кейін ғана заңды күшіне ие болады.

4.6. Осы Шарт бірдей заңды күшке ие, екі төлнұсқа данада, әрбір тарапқа бір-бірден жасақталды.

5. Күпиялылық

- 5.1. Тапсырыс беруші Орындаушының жазбаша келісімісіз үшінші тарапқа осы Шарт бойынша қызмет көрсету жұмыстары туралы мәліметтерді жария етпеуге және күпияны ашпауға міндеттенеді.

6. Форс-мажор

- 6.1. Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілік көтермейді.
- 6.2. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болып табылса, Орындаушы Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.
- 6.3. Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.
- 6.4. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде Орындаушы тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдайларға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

7. Даулы мәселелерді шешу

- 7.1. Тапсырыс беруші мен Орындаушы Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.
- 7.2. Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Орындаушы Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

8. Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

ТОО «Гүлдер-Ақтау»

БСН 220540021611

Ақтау қаласы, 19-40/1

ЖСК KZ42601A231001099301

БСК HSBKKZKX

Ақтау қ. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ МФ

тел.: +7 701 357 1001

e-mail:

Орындаушы:

ЖК «ОНАЙБАЙ»

ЖСН 600905402315

Ақтау қ., 26-32-65

ЖСК KZ55722S000019820317

БСК CASPKZKA

Ақтау қ. «Kaspi Bank» АҚ МФ

тел: +7 777 703 8000

e-mail: onaibaev_b@mail.ru

Директор

Овезова М.Е.

МО



Онайбаева З.Ч.

